

Тарихи жеңіс – университет мерейі асқақтады!

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті үшін зор мақтанышқа айналған қуанышты жаңалық! Алматы қаласында алғаш рет ұйымдастырылған қыздар командалары арасындағы футболдан Қазақстан кубогында университетіміздің қыздар құрама командасы алғаш рет қатысып, чемпион атанды. Осы тарихи жеңіспен университеттің Басқарма төрағасы–Ректордың міндетін атқарушы Дана Абдрашева чемпион қыздарды арнайы құттықтап, жүрекжарды ізгі тілегін білдірді. Ол



өз сөзінде спортшы қыздардың жетістігі университет абыройын арттырып қана қоймай, жастарға үлгі болатынын атап өтті. Сонымен қатар алдағы уақытта да биік белестерді бағындырып, ел намысын абыроймен қорғай берулеріне тілектестік білдірді. Команданың бас бапкері Абылайхан Сейілбеков жоғары кәсіби шеберлігі мен нәтижелі еңбегі үшін «Үздік бапкер» номинациясына ие болды. Бұл – бапкер еңбегінің лайықты бағалануы және команда жетістігінің маңызды бөлігі. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті спорттағы осындай ірі жеңістерімен мақтанады. Чемпион қыздарымыз бен бапкерімізге жаңа жеңістер, мықты денсаулық және толағай табыстар тілейміз!

Ұлттық құрылтай – ел болашағына бастар берік қадам

Еліміздің келелі мәселелерін талқылайтын V Ұлттық құрылтай 2026 жылғы 20 қаңтарда Қызылордада кеңінен талқыланды. Бұл құрылтай – Президенттің консультативті-кеңесші органы ретінде қоғамның стратегиялық проблемаларын ашық талқылауға арналған алаң. Осы уақытқа дейін Ұлттық құрылтай отырыстары Түркістан, Атырау, Ұлытау және Бұрабай қалаларында өтті. Басқосулар барысында ел дамуына қатысты маңызды мәселелер талқыланып, қоғамдық пікірге негізделген ұсыныстар айтылды. Ұлттық құрылтай жанданғалы елдегі әлеуметтік-экономикалық мәселелер шешім тауып келеді. Жыл өткен сайын тақырып аясы кеңіді, айтылатын салмақты ой ұлғайды. Алқалы жиында назарда болған кемшілікті түзету заң шеңберінде бекіп, қоғамның оң бағытқа бет алғанын байқаймыз. Алқалы жиының алғашқы күнінде:



100 МЫҢ СТУДЕНТ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АЛГОРИТМДЕРІН МЕНГЕРЕДІ

Ұлттық құрылтай аясында Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келген ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Жасанды интеллект институтына барып, SeoulTech-пен бірлесіп іске асырылып жатқан IT және жасанды интеллект бағытындағы бағдарламалық жобалармен танысты. Ректордың міндетін атқарушы Дана Мейрамқызының айтуынша, университетте білім беру жүйесі кәсіпкерлікпен, стартап мәдениетімен және нақты технологиялық нәтижелермен тікелей ұштасқан. Quzylorda Hub және ашық коворкинг кеңістіктері өңір жастарына облыстан шықпай-ақ халықаралық деңгейдегі цифрлық дағдыларды меңгеруге мүмкіндік беріп отыр. Кездесу барысында Саясат Нұрбек Венчурлық инвестициялар қорының іске қосылатынын хабарлады. Бұл бастама озық технологияларға қолжетімділікті арттырып, Қазақстанның халықаралық стартаптар мен технологиялар хабы ретіндегі беделін нығайтуға бағытталған. Қор жас таланттарды қолдап, стартаптарды дамытудың барлық кезеңінде қолдау көрсететін болады. Министр сонымен қатар шетелдік ETS (Educational Testing Service) компаниясымен ынтымақтастық орнатылғанын және бұл Ұлттық бірыңғай тестілеу жүйесін халықаралық форматқа көшіруге мүмкіндік беретінін айтты.

«Болашақта талапкерлер ҰБТ тапсырып, сол сертификатпен кез келген шетелдік университетке түсе алады», - деді ведомство басшысы. Саясат Нұрбек AI-Sana бағдарламасы елімізде

жасанды интеллектті дамытуға арналған экожүйе қалыптастыратынын атап өтті. Бұл жоба жоғары оқу орындарына дәстүрлі білім беру форматынан ғылыми-зерттеу бағытына көшуге жол ашады.

«AI-Sana бағдарламасын былтырдан бері жүзеге асырып келеміз. Осы уақытқа дейін 668 мың студент оқудан өтті. Барлық студент жасанды интеллект курстарынан өтеді. Coursera, HUAWEI, Microsoft, Google сынды компаниялардың үздік курстары қазақ және орыс тілдеріне аударылып, білім алушыларға қолжетімді етілді. Биыл ақпан айында жобаның екінші кезеңі басталады. Оның аясында 100 мың студент жасанды интеллектінің тереңдетілген алгоритмдерін меңгереді», - деді министр. Сонымен қатар, Саясат Нұрбек аграрлы өңірде ғылымды басқарудың бірыңғай моделі қалыптасқанын айтты. Өңір экономикасына жыл сайын шамамен 10 мың маман қажет, оның басым бөлігі техникалық және кәсіптік білім иелері. Осыған сәйкес өңірлік кәсіптер карта-сы әзірленіп, білім беру тапсырысын нақты жоспарлау жүйесі енгізілуде. Бұл кадр даярлаудағы формальдылықтан арылып, еңбек нарығы сұранысына бейімделуге мүмкіндік береді. Мысалы, су ресурстары мен агроөнеркәсіп бағытындағы жобалар өңірлік ғылымның қолданбалы сипатқа ие бола бастағанын көрсетеді. Сапар соңында министр студенттермен ашық пікір алмасып, ғылым мен білім саласындағы өзекті мәселелерді талқылады және жас ізденушілерге бағыт-бағдар берді.

Қорқыт Ата университетінің студенттері академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында Қырғызстанда білім алады

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 3-курс студенттері академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында Жүсіп Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университетінде 1 семестр білім алатын болды. Екі жоғары оқу орны арасындағы ынтымақтастық қарым-қатынас өзара тәжірибе алмасу, білім сапасын арттыру және халықаралық серіктестікті дамыту бағытында жоғары деңгейде жүзеге асып келеді. Студенттердің шетелдік оқу сапарына дайындық барысы аясында Ғылыми жұмыстар

және халықаралық байланыстар жөніндегі ректоры Майнұр Бөрібаева студенттермен арнайы кездесу өткізді. Кездесу барысында про-ректор академиялық ұтқырлық бағдарламасының маңыздылығына тоқталып, оқу үдерісі мен шет-теде болу тәртібі жөнінде кеңінен түсіндірме берді.

Академиялық ұтқырлық бағдарламасы студенттердің кәсіби білімін жетілдіруге, халықаралық тәжірибе алмасуға және болашақ маман ретінде қалыптасуына мүмкіндік бермек.

Ұлттық құрылтай – ел болашағына бастар берік қадам



1. Азаматтық қоғам және қоғамдық қатысу – құрылтайдың секция отырыстарында азаматтық қоғамды дамыту, халықпен белсенді диалог орнату тақырыптары көтерілді. Мұнда үкіметтік емес ұйымдар, партиялар және өңірлік қоғамдық кеңестер өз ұсыныстарын білдірді.

2. Экономикалық даму – экономика, инвестициялар, өңірлік даму және шаруашылықты қолдау мәселелері бойынша пікірталастар болды. Бұл секцияда экономикалық прогрестің кедергілері мен мүмкіндіктері талқыланды.

3. Әлеуметтік-мәдени даму – әлеуметтік және мәдени салалардағы өзекті мәселелер бөлімі белсенді талқыланды: мәдениеттің дамуы, ақпарат, қоғамдағы мораль-рухани құндылықтар және әлеуметтік интеграция. Қатысқандар осы салалардағы жаңа бастамаларды көрсетті.

4. Білім және ғылым – білім беру жүйесі мен ғылымның рөлі бойынша пікір алмасулар өтті, қоғамда болып жатқан балалардың ұлттық тәрбиесі мен білім сапасын арттыру, инновацияларды енгізу, ғылыми зерттеулерді қолдау секілді тақырыптар қозғалды.

5. Конституциялық және саяси реформалар – Президент Қасым-Жомарт Тоқаев құрылтай аясында ағымдағы реформалар, оның ішінде парламенттік жүйені және Конституцияны жаңарту мәселелері бойынша нақты пікірлер айтылды. Бұл реформалар елдің саяси жүйесін заманауи талаптарға сай өзгертуге бағытталған.

Қызылорда облысының әлеуметтік және инфрақұрылымдық дамуы жоғары бағаланды. Білім беру, мәдениет, спорт және медициналық нысандарды дамыту жұмыстары атқарылып жатыр. Жаңа емхана мен перзентхана салу жоспарлары да жарияланды. Су ресурстары, экология, Арал мәселесіне қатысты ойлар Президент сөзінің болашаққа бағдарланған стратегиялық сипатын айқындады. Мәдениет пен руханият мәселесіне де ерекше мән берілгенін байқадым. Президенттің жаңа театрлар салу, мәдени нысандарды жаңғырту, музей ісін дамыту туралы айтқандары ұлттық мәдениетті дамытуға серпін береді деп ойлаймын. Қызылордада жаңа драма театры мен заманауи кітапхананың салынуы өңірдің рухани өміріне тың серпіліс әкелемек. Маған Мемлекет басшысының Қызылорданың тарихи миссиясына ерекше тоқталғаны әсер етті. «Сыр – Алаштың анасы» атанған бұл өңір көне өркениеттің алтын бесігі екенін атап өтуі орынды. Шірік-Рабат, Жанкент, Сығанақ, Баршынкент сияқты көне қалалардың орны қазақ жерінде терең өркениеттің дәстүр болғанын дәлелдейді. Сонымен қатар Қызылорданың бір ғасыр бұрын ел астанасы болғаны оның мемлекет тарихындағы айрықша орнын айқындайды деп есептеймін.

Құрылтайда рухани сабақтастық тақырыбы да технологиялық даму контекстінде қарастырылды. Мемлекет басшысы Абай Құнанбайұлы ілімін ұлттық бірегейліктің өзегі ретінде атап, «Адал азамат» тұжырымдамасының Абайдың «Толық адам» идеясымен терең астасатынын көрсетті. Абайдың «Қара сөздерін» ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» тізіміне енгізу ұсынысы – қазақ рухани мұрасын жаһандық деңгейде мойындатуға бағытталған нақты қадам.

Сонымен қатар әл-Фараби мен Қожа Ахмет Ясауи ілімдерін жүйелі түрде зерттеп, насихаттайтын тұрақты ғылыми алаңдар құру қажеттігі айтылды. Президент бұл мұраларды тек мерейтойлық даталарда ғана емес, үздіксіз интеллектуалдық үдеріс ретінде қарастыру керектігін ерекше атап өтті. Цифрлық платформалар мен жасанды интеллект бұл ілімдерді кең аудиторияға қолжетімді түрде тиімді құралына айналмақ. Тарихи сананы жаңғырту және визуалды мәдениет қалыптастыру мәселесі шет қалмады. Президент сөзінде Қазақстан тарихын қазіргі заман тілінде сөйлете білудің маңызын да көрсетті. Жошы хан туралы көпсериялы деректі фильмінің халықаралық платформа-ларда көрсетілуі – тарихи мұраны жаһандық акпараттық кеңістікке шығарудың бір мысалы. Бұл жоба Жошы хан тұлғасы арқылы Алтын Орда тарихын халықаралық деңгейде танытуға бағытталған.



Жыл соңына дейін жарық көретін жеті томдық еңбек ұлттық тарихи сананы қалыптастыруға арналған іргелі жоба болмақ. Оның 35 жылдық тәуелсіздікпен тұспа-тұс келуі – символдық мәні зор оқиға. Бұл ретте ғылыми зерттеулердің нәтижесін онлайн платформалар арқылы баршаға қолжетімді ету, философия, әлеуметтану, саясаттану салаларында көптомдық еңбектер әзірлеу ұсыныстары да қолдау тапты. Астана мен Алматыда салынатын президенттік кітапханалар тек кітап сақтайтын орын емес, ұлттық тарих пен мәдениетті дәріптейтін зияткерлік орталықтарға айналуы тиіс. Патриоттық Қазақстанды қалыптастырудың негізі – еңбексүйгіштік,

әділеттілік, заң мен тәртіпке құрмет. Сондай-ақ отансүйгіштік қасиет мемлекеттік рәміздерді құрметтеуден де айқын байқалады. Ту, Елтаңба, Әнұран – елдің тарихы мен тәуелсіздігінің нышаны. Оларды қадірлеу халықтың бірлігі мен елге деген сенімін нығайтады. Мемлекеттік рәміздерге деген құрмет жас ұрпақтың бойында ұлттық мақтаныш пен жауапкершілік сезімін қалыптастырады. Бұл тұрғыда Президент «Мемлекеттік рәміздерді қадірлеп, оларды жөнімен пайдаланатын отаншыл азаматтарды барынша қолдау қажет» деп атап өтті. Патриотизмнің бастауы отбасы мен мектептен қаланады. Елін сүйетін, заңды құрметтейтін, қоғамға пайда келтіруге ұмтылатын азаматтар ғана мықты әрі өркендеген Қазақстанның тірегі бола алады.

Қоғамның ішкі тыныштығы мен болашағы, ең алдымен, әйелдің құқығы қорғалып, баланың қауіпсіздігі толық қамтамасыз етілген кезде ғана нығаяды. Сондықтан тұрмыстық зорлық-зомбылықты криминализациялау, балаларға қатысты зорлықтың кез келген түрі үшін жауапкершілікті күшейту сияқты түзетулер – жай ғана заңнамадағы көріністер емес, күнделікті өмірімізге тікелей әсер ететін әділ қадам деп қабылдаймын.

Мен жастарға қатысты саясаттың да жаңа мазмұнға көшуін маңызды деп санаймын. «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңына енгізілетін өзгерістер жастарға тек ұранмен емес, нақты мүмкіндіктер, қолжетімді қолдау және әділ әлеуметтік лифт арқылы қызмет етуі тиіс. Жастардың әлеуеті нығайса, елдің ертеңі де сенімді болады. Сол сияқты құрылтайда мәдениет мәселесінің салмақты көтерілуі орынды. «Мәдениет – ұлттың рухани келбеті» деген түсінік нақты істермен бекіп келеді. Мысалы, 2025 жылғы наурызда таныстырылған «Асыл мұра» аудиожинағы – ұлттық әңкүй, фольклор, ертегі, бесік жыры сияқты бай мұрамызды заманауи форматқа көшіріп, әлемге жеткізудің тамаша үлгісі. «Алтын қорда» сақталған 1500 аудиожазбаның Apple Music, Spotify, Yandex Music, YouTube Music секілді 100-ден аса платформадан қолжетімді болуы мәдени мұрамыздың шекара асып, жаңа буынға да, әлем тыңдарманына да жетуіне жол ашып отыр. ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» тізіліміне XVIII ғасырдағы «Хандар шежіресі» қолжазбасының енуі де тарихи жадымыздың халықаралық деңгейде мойындалуы.

Сонымен бірге «Кітап оқитын ұлт» идеясы да енді нақты мәдени саясатқа айналып жатқанын байқаймыз. Ұлттық кітап күнінің бекітілуі, «Балалар кітапханасы» бағдарламасы арқылы мыңдаған көркем шығарманың ұсынылуы, «Қазақстанның халық жазушысы» атағының қайта берілуі – әдебиетке, авторға, оқырманға деген құрметті арттыратын шешімдер. Ал ғылым мен білім саласына келсек, педагогтерді қосымша төлемдер арқылы ынталандыруды көздейтін заңнамалық өзгерістер – ұстаз еңбегін бағалаудың, білім сапасын күшейтудің маңызды тетігі. Өйткені сапалы білім – ұлттық қауіпсіздікпен тең құндылық. Қызылордада өткен құрылтайдың негізгі өзегі – қауіпсіз қоғам, әділетті саясат, рухани қуат және білімге сүйенген болашақ деп түсінемін. Ең бастысы, осы бастамалар ой елегінен өтіп қана қоймай, әр отбасына, әр балаға, әр жасқа нақты игілік болып жетсе екен деген тілегім бар. Қорытындылай келе, Мемлекет басшысының бірлік пен ортақ жауапкершілікке шақырған сөзі мен үшін ерекше мәнге ие болды. Әділетті, қуатты, қауіпсіз және таза Қазақстанды бірге құру баршамыздың ортақ міндетіміз деп ойлаймын.

Дамира АМАНЖОЛОВА

ЖЕҢІС СӘДУАҚАСҰЛЫНЫҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ӨТТІ

2026 жылғы 23 қаңтарда Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Білім беру ісінің үздігі, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ахмет Байтұрсынұлы», «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгілерінің иегері Жеңіс Сәдуақасұлының 80 жасқа толуына арналған Ғылыми кеңестің салтанатты мәжілісі өтті. Салтанатты жиынды Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Майнұр Бөрібаева ашты. Ғылыми кеңесте филология ғылымдарының кандидаты, тілтанушы-ғалым Болат Боранбай Жеңіс Сәдуақасұлының өмірі мен еңбек жолына арналған баяндама жасап, ғалымның қазақ тіл біліміне қосқан зор үлесін атап өтті. Сонымен қатар Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасының «Тілдерді оқыту орталығының» директоры Мартана Дәулетова облыс әкімінің атынан Қызылорда облысының Құрмет грамотасын табыс етіп, ғалымға ізгі тілегін білдірді. Жиында профессор, техника ғылымдарының докторы Серікбай Қошқаров,

филология ғылымдарының кандидаты Ұлжан Жанбершиева және әріптестері мен шәкірттері жылы лебіздерін білдірді. Шараға «Аманат» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Жандос Базартай, университет кәсіподақ ұйымының төрағасы Айтжан Оразбаков, Қызылорда «Болашақ»



университетінің Жастар және тәрбие жұмысы жөніндегі департамент басшысы Берік Саймағанбетов, облыс орталығындағы колледждер өкілдері, жақындары, достары мен шәкірттері қатысты.

Жеңіс Сәдуақасұлы – қазақ тіл білімінің дамуына сүбелі үлес қосқан көрнекті ғалым. Ол 1979 жылдан бастап ғылым мен педагогика саласында абыройлы еңбек етіп келеді. Ғалым 1988 жылы кандидаттық, 1997 жылы докторлық диссертациясын сәтті қорғаған. Профессор 60-тан астам ғылыми жұмыстар мен диссертацияларға пікір білдіріп, 25 диссертациялық жұмыстың сарапшысы болған. Оның жетекшілігімен бір аспирант кандидаттық, 20-дан астам магистрант өз еңбектерін сәтті қорғап, бүгінде түрлі жоғары оқу орындарында еңбек етуде. Ғалымның 150-ге жуық ғылыми және әдістемелік еңбектері жарық көрген.

Ғалымның өмір жолы – адалдық пен еңбектің, ұстаздық пен азаматтықтың айқын үлгісі. Қорқыт Ата университетінің ұжымы ұстазды мерейлі жасымен шын жүректен құттықтайды.

ҚОРҚЫТ АТА УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ПРОФЕССОР БАҒДАТ КӘРІБОЗҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ДӘРІСХАНА АШЫЛДЫ



Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде профессор, филология ғылымдарының докторы Бағдат Кәрібозұлы атындағы «Әдебиет теориясы» дәрісханасы салтанатты түрде ашылды. Бұл игі шара ғалымның қазақ әдебиеттану ғылымына қосқан сүбелі үлесі мен саналы ғұмырын білім мен ғылымға арнаған еңбегіне көрсетілген зор құрметтің айғағы болды. Салтанатты рәсімде дәрісхананың лентасын университет ректорының міндетін атқарушы Дана Абдрашева, Қазақстанның еңбек сіңірген

қайраткері, Ұлттық ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор, Қызылорда ашық университетінің ректоры Қылышбай Бисенов, университет ардагері, техника ғылымдарының докторы, профессор Серікбай Қошқаров және филология ғылымдарының докторы, профессор Бағдат Кәрібозұлы қиды. Жиынға облыстың зиялы қауым өкілдері, профессор-оқытушылар құрамы, ғалымның әріптестері, шәкірттері мен жақындары қатысты.

Басқосуда сөз алған Дана Абдрашева профессор Бағдат Кәрібозұлының отандық ғылым мен жоғары білім саласындағы қажырлы еңбегіне жоғары баға беріп, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің және бірқатар жоғары оқу орындары ректорларының құттықтау лебіздерін жеткізді. Ғалымның қызы Айнуір Бағдатқызына университеттің ең жоғары марапаты – «Қорқыт Ата атындағы Алтын медаль» табысталды. Сонымен қатар облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет облыс әкімінің құттықтауын жеткізіп, ғалым еңбегінің өңір ру-



ханияты үшін маңызын атап өтті. «AMANAT» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Жандос Базартай да жүрекжарды лебізін білдіріп, Бағдат Кәрібозұлының ғылыми жолы жастарға өнеге екенін айтты. Тағылымды шара барысында студент Өтепберген Нұргелді өз арнауын оқып, педагог, қобызшы Марат Сүгірбай Қ.Мырзалиевтің Күлтегін поэмасынан үзінді орындады. Ашылған дәрісхана – ұлт руханиятына олжа салған ғалымның өнегелі өмірі мен ұстаздық ұлағатына қойылған рухани ескерткіш іспетті.

Бағдат Кәрібозұлының жаңа еңбектері оқырманға жол тартты

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері, филология ғылымдарының докторы, профессор Бағдат Кәрібозұлының «Ғазиз жүрек», «Ұстаз ұлағаты», «Ізденіс іздері» және «Сыр өңірінің фольклорлық антологиясы» атты еңбектерінің тұсаукесері өтті. Іс-шараға Басқарма Төрағасы-ректордың міндетін атқарушы Дана Абдрашева, облыстың зиялы қауым өкілдері, ғалымның отбасы, достары, әріптестері мен шәкірттері қатысты. Жиынды филология ғылымдарының кандидаты, профессор Ғабит Тұяқбаев жүргізді. Бағдат Кәрібозұлы – 300-ден астам ғылыми-публицистикалық мақалалардың, 10 монография мен бірнеше әдеби-публицистикалық еңбектің авторы. Оның жетекшілігімен жарық көрген 200 томдық «Сырдария кітапханасы» сериясы қазақ әдебиеті мен руханиятына

қосылған сүбелі үлес ретінде бағаланады. Салтанатты жиында ең алдымен профессор жетекшілігімен, жергілікті бюджеттен қаржыландырылған ұштомдық «Сыр өңірінің фольклорлық антологиясының» тұсауы кесілді. Бұл жинаққа Сыр елінің бай ауыз әдебиеті мен халық мұралары топтастырылған. Бірінші томға Жанқожа батыр туралы тарихи жырлар (құрастырушы С.Қосан), екінші томға Сыр өңірінде тараған аңыз-әңгімелер (құрастырушы Ғ.Тұяқбаев), үшінші томға қисса, дастандар (құрастырушы Н.Нұрмаханов) енген. Түркі өркениетінде өзіндік орны бар Сыр өңірі ежелден ұлт руханиятының бесігі саналады. Топырағына Қорқыт қобызының үні сіңген бұл қасиетті өлкеде туып, әлем фольклорының асыл мұрасына айналған талай жауһарлар бар. Ұштомдықтың тұсауын кәсіпкер-меценат, «Құрмет белгісі», «Құрмет», «Парасат», бірінші дәрежелі «Барыс» ордендерінің иегері

Самұрат Имандосов кесті. Жиын барысында профессордың соңғы жылдары жарық көрген еңбектері туралы да жылы пікірлер айтылды. «Ғазиз жүрек» кітабы 2024 жылы жарық көріп, адамгершілік пен парасаттылықты өмір философиясына айналдырған туынды ретінде танылды. «Ұстаз ұлағаты» еңбегі 2025 жылы басып шығарылып, ұстаздық өнеге мен тәрбиенің шежіресіне айналған. Бұл кітаптар туралы профессор, «Парасат» орденінің иегері Ұлжан Жанбершиева өз пікірін білдірді. Ал 2026 жылы шыққан «Ізденіс іздері» монографиясында автор жанр теориясы мен поэзиядағы ұлттық мінез мәселелерін ғылыми тұрғыда саралаған. Бұл еңбек жайында қауымдастырылған профессор, шәкірті Гүлзира Сапарқызы өз көзқарасын ортаға салды. Іс-шара соңында студенттер ғалымның шығармаларынан монологтар орындап, рухани мазмұнды кештің әсерін тереңдетте түсті.

ОТАНШЫЛДЫҚ ПЕН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ЕЛ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ

Ел Президенті Қ.Тоқаевтың «Қазақстан жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басты» атты сұхбаты «Turkistan» газетінде 2026 жылғы 5 қаңтарда жарияланды. Сұхбат барысында 2025 жылдағы негізгі нәтижелерді қорытындылап, елдің ішкі және сыртқы саясатына қатысты өзекті мәселелерге жан-жақты тоқталды. Мемлекет басшысы отаншылдық ұғымына айрықша мән беріп, оның шынайы сипатын нақтылап өтті. Президенттің пікірінше, отаншылдық – көзге көріну үшін айтылатын ұран немесе жалған әрекет емес. Нағыз патриот адам өзін жұртқа жария етпей-ақ, үнсіз жүріп елге пайдасын тигізетін істер атқарады. Ол туған елі мен отбасының игілігі үшін адал еңбек етуді отаншылдықтың басты өлшемі ретінде бағалайды. Шын мәнінде, кез келген мемлекеттің тәуелсіздігі мен тұрақтылығы азаматтардың елге деген жауапкершілігі мен отаншылдық сезіміне тікелей байланысты. Отаншылдық – туған жерге деген жай ғана құрмет емес, ол заңды сақтау, қоғам игілігіне үлес қосу, адал еңбек ету арқылы көрініс табатын қасиет. Әрбір азамат елдің тыныштығы мен бірлігін өзінен бастаса ғана мемлекет берік әрі қуатты болмақ. Бұл ойлар Алаш зиялысы Жүсіпбек Аймауытовтың көзқарастарымен де үндеседі. Оның «Ұлтты сүю» атты мақаласында ұлтқа жан-тәнімен қызмет еткен азаматтары көп ел ғана күшті әрі өркениетті болатыны айтылған. Ол заманды

жеке басының тыныштығын ойлайтын емес, халық үшін еңбек ететін кезең деп бағалап, әр азаматтың мойнында ел алдындағы үлкен жауапкершілік бар екенін еске салады. Ұлттық құндылықтардың ішінде өзектісі болып саналатын тіл мәселесі. XX ғасыр басында Алаш көсемсізінің көш басшысы Ахмет Байтұрсынұлы «төңірекке қарасақ түнерген-түнерген бұлттар көрінеді» деп жазып, қауіп-қатердің қайдан келіп жатқанын дөп басып танып, ұлттық құндылықтарымызды сақтап қалудың жолын іздеді. Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта жойылмайды. Ұлттың сақталуына да, жойылуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Егер біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, тілдің қамын ойлауға тиіспіз.

Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тынық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмыс, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Отаншылдықты құр сөзбен емес, күнделікті еңбекпен, тәртіппен, жауапкершілікпен, табиғатты қорғаумен және адамдар арасындағы сыйластықпен ұштастыру қажет. Осы орайда Президенттің «Отан отбасынан, аулаңнан, көшеннен басталады» деген пікірі халқымыздың «Тәрбие – тал бесіктен» деген даналығымен

сабақтасып жатыр. Бұл бағытта ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға арналған ғылыми зерттеулердің рөлі ерекше. Соның ішінде ең өзекті тақырыптардың бірі Халық шығармашылығы қоғамды еңбекқорлыққа, заң мен тәртіпке бағынуға, сабырлық пен бірлікке тәрбиелейді. Жаһандану жағдайында ол ұлттық болмысты сақтаудың әрі дамытудың маңызды тетігіне айналып отыр. Президенттің «Бірлігіміз – әралуандықта» қағидасы да халық шығармашылығының көпұлтты қоғамдағы біріктіруші рөлін айқындайды. Біз болашаққа ұмтылған қоғам, біртұтас ұлт ретінде төл тарихымызды танып, оны қаз-қалпында қабылдай білуіміз керек. Негізсіз аңыз-әңгімелердің еш қажеті жоқ, оның бәрі сана-сезімімізге кеселін тигізеді. Қазақтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрінде татулық, төзімділік, өзара құрмет секілді құндылықтар терең орныққан. Осы тұрғыдан алғанда, халық шығармашылығы – өткеннің сарқыншағы емес, қазіргі ұлттық бірегейлікті қалыптастыратын және қоғамды топтастыратын маңызды рухани ресурс. Президент сұхбатында айтылған ойлар мемлекеттің қуаты тек экономикамен немесе саяси жүйемен өлшенбейтінін көрсетеді. Елдің шынайы беріктігі әр азаматтың жүрегіндегі Отанға деген сүйіспеншілігіне, жауапкершілігіне және белсенді азаматтық ұстанымына тікелей байланысты.

Дамира АМАНЖОЛОВА

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ХАЛЫҚТЫҢ РУХАНИ БАЙЛЫҒЫ

Ұлттық құндылықтар – әрбір халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениеті, дәстүрі, дүниетанымы, және өмір сүру салтының жиынтығы. Олар белгілі бір ұлттың өзіндік ерекшелігін көрсетіп, ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келеді. Ұлттық құндылықтарды сақтау, дамыту және оны келешек ұрпаққа жеткізу – әр азаматтың қасиетті парызы. Қазақ халқының ұлттық құндылықтары ата-баба мұрасымен тығыз байланысты. Олардың негізінде қазақтың тілі, ділі, діні, салт-дәстүрі мен өнері жатыр. Тіл – ұлттың жаны. Ана тіліміз арқылы халқымыздың бай тарихы мен рухани әлемін танып, ұлттық бірегейлігімізді сақтай аламыз. Қазақ тілі – халқымыздың мәдениеті мен таным-түсінігінің алтын қазығы. Салт-дәстүр – ұлттық құндылықтардың ажырамас бөлігі. Қазақ халқының қонақжайлылығы, үлкенге құрмет, кішіге ізет, табиғатпен үйлесімді өмір сүру секілді қасиеттер салт-дәстүрлер арқылы көрініс табады. Мәселен, қыз ұзату, бесікке салу, тұсау кесу сияқты ғұрыптар отбасылық құндылықтарды дәріптеп, ұрпақтар арасындағы сабақтастықты сақтайды. Ұлттық өнер мен музыка – халықтың рухани қазынасы. Домбыраның үні, айтыстың өнері, күй мен терме – халқымыздың ұлттық болмысының айнасы. Сонымен қатар ұлттық киімдер, ою-өрнектер мен қолданбалы өнер де

қазақ мәдениетінің маңызды бөлігі. Бұл өнер түрлері халқымыздың табиғатқа, әсемдікке деген сүйіспеншілігін көрсетеді.



Ұлттық құндылықтар халықтың рухани тірегі ғана емес, сонымен бірге оның біртұтастығын қамтамасыз ететін негізгі фактор. Бүгінгі жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды сақтау ерекше маңызды. Жаңа заманның талаптары мен технологиялары ұлттық мәдениеттің жойылып

кетуіне себеп болмауы керек. Керісінше, жаңа мүмкіндіктерді пайдалана отырып, ұлттық құндылықтарды жаңғырту – заман талабы. Ұлттық құндылықтарды насихаттау үшін отбасындағы тәрбие үлкен рөл атқарады. Балаларды кішкентай кезінен ұлттық мәдениетке баулу, туған жерін, ана тілін сүйге үйрету арқылы біз болашақ ұрпақтың санасына ұлттық рухты сіңіреміз. Мектептер мен жоғары оқу орындарында да ұлттық тарих пен мәдениетті оқыту маңызды. Сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде ұлттық құндылықтарды дәріптейтін жобаларды жүзеге асыру керек. Ұлттық құндылықтарды сақтап, дамыту – елдің болашағын нығайтуға бағытталған маңызды қадам. Қазақ халқының бай мұрасы – біздің мақтанышымыз әр жаһандық мәдениетке қосқан үлесіміз. Ұлттық құндылықтарды құрметтеп, оларды келешек ұрпаққа жеткізу арқылы біз ұлтымыздың мәңгілік болашағын қамтамасыз етеміз. Қорытындылай келе, ұлттық құндылықтар – әрбір халықтың рухани негізі. Қазақ халқының ұлттық мәдениет мен дәстүрлері біздің бірегейлігімізді айқындап, ұлт ретінде сақтап қалуымызға жол ашады. Оларды ұрпаққа жеткізу – біздің қасиетті міндетіміз.

Бейбітгүл ЖАРАСОВА,
АЯ 23-7 оқу тобының студенті

TASK-BASED LEARNING: ТІЛДІ ІС-ӘРЕКЕТ АРҚЫЛЫ ҮЙРЕТУ ТИІМДІЛІГІ

Бүгінгі көптілді қоғамда тіл үйрету тек грамматика жаттаумен шектелмей, шынайы қарым-қатынас пен әрекет арқылы құзыреттерді дамытуға бағытталуы тиіс. Осы тұрғыдан тіл үйретудегі Task-Based Learning (TBL) – «тілді іс-әрекет арқылы үйрету» – қазіргі заманғы әдістің бірі. TBL оқытудың ортасына нақты тапсырмаларды қояды: оқушылар белгілі бір мақсатқа жету үшін шынайы тілдік әрекеттерді орындайды. Бұл әдісте тілдік құрылымдар міндетті түрде талқыланады, бірақ оларды меңгеру басты мақсат емес; басты мақсат – мағыналы тапсырманы орындау арқылы тілдік құралдарды қолдану.



1. Ғылыми деректер мен зерттеу нәтижелері

TBL-дің тиімділігін көрсету үшін бірнеше заманауи зерттеулерге назар аударайық. 2025 жылғы халықаралық жүйелі шолу 64 зерттеуді талдап, TBL ағылшын тілін шет тілі ретінде үйретуде оқушылардың сөйлесу, тыңдау, сөздік қоры және жалпы тілдік білігін айтарлықтай жақсартатынын анықтады. Шолу деректері оқушылардың флүэнсі, дәлдігі және өзіне сенімділігі жақсарғанын көрсетеді; дегенмен нәтиже мәдениет, институт саясаты және мұғалім даярлығына байланысты өзгеретіні айтылады. Бұл зерттеу TBL-ді біркелкі қолдануға болмайтынын, әр контексте икемді бейімдеу қажет екенін атап өтеді.

Бөлек эксперименттік зерттеулер де TBL-дің нақты дағдыларға әсерін көрсетеді. Мысалы, Индонезиядағы квази-эксперимент он бірінші сынып оқушылары арасында TBL мен дәстүрлі әдісті салыстырды. TBL қолданылған топтың сөйлесу дағдысы бойынша орташа ұпайы 66.38 болса, бақылау тобында 60.3 болды; t-тест нәтижесі бойынша айырмашылық статистикалық тұрғыда маңызды деп танылды. Бұл зерттеу тілді тапсырмалық әдіспен үйренудің сөйлесу қабілетіне оң әсерін дәлелдейді.

Технологияны пайдалану мен TBL үйлесімдігін зерттеген Таиландтағы тағы бір жұмыс (Robillos & Bustos, 2023) FlipGrid платформасын қолданған. 29 студентке жазылым тапсырмалар беріліп, алдын-ала және кейінгі тест нәтижелері салыстырылды. Зерттеу мәтін жауаптылығы, кохеренттілік-когезия,

грамматикалық ауқым мен дәлдік, лексикалық қор көрсеткіштері бойынша айтарлықтай жақсаруды көрсетті. Студенттер бұл әдісті «инновациялық және оқушыға бағытталған» деп бағалап, өзара ынтымақтастық пен коммуникацияға көмектескенін атап өтті. Зерттеулер TBL-дің артықшылықтарымен қатар, белгілі қиындықтарын да көрсетеді. 2019 жылғы шолу мақаласында Уиллис пен Уиллис TBL-ді енгізудегі бірнеше мәселелерді атап өтті: мұғалімдердің тапсырма әзірлеуіне уақыттың жетіспеуі, оқу үрдісінің әлі күнге дейін емтихан-бағдарлы болуы, сыныпта бақылауды жоғалтудан қорқу, тілдік прогрестің ұзаққа созылуы, бастапқы деңгейге сай келмеуі және дайын оқу материалдарының аз болуы. Сонымен қатар, кейбір зерттеулерде мұғалімдердің TBL тәсілін қолдануға дайын еместігі немесе қарсы көзқарасы, мәдени ерекшеліктерге қатысты мәселелер атап өтілген. Richards & Rodgers (2001) бұл әдістің тиімділігі туралы дәлелдер әлі де идеологиялық тұжырым деңгейінде екенін ескертеді. Сондықтан TBL-ді енгізу кезінде контексті, мәдениет пен мұғалім дайындық деңгейін ескеріп бейімдеу қажет.

2. Практикалық мысалдар мен Қазақстандық оқу тәжірибесі

2.1. Орта деңгейдегі мысал: «Туризм жобасы»
Мақсаты: Оқушылардың маршрут жасау, ақпарат алмасу және сөйлеу дағдыларын дамыту.

Тапсырма: Оқушылар өз қаласының немесе елінің туризм объектілерін зерттеп, топпен «бір күндік тур» жобасын әзірлейді. Олар маршрутты картада көрсетіп, баға, көлік және тамақтану сияқты ақпараттарды ағылшын тілінде ұсынады.

Процесс: Дайындық кезеңінде мұғалім туризмге байланысты сөздерді, модальдық етістіктерді қайталайды. Негізгі кезеңде топтар онлайн деректерді зерттеп, презентация жасайды. Тапсырма соңында тілдік құрылымдар талқыланып, «should»/«have to» сияқты конструкциялар қолданылады.

Нәтиже: Студенттер ақпарат жинап, өзара келісімге келіп сөйлеу кезінде флүэнсі арты. Олар нақты сөздер мен құрылымдарды пайдаланып, шынайы аудитория алдында жобаларын қорғады.

2.2. Жоғары деңгейдегі мысал: «Мәселе шешу тапсырмасы»

Мақсаты: Пікір білдіру, дәлелдеу, аргументтерді ағылшын тілінде ұсыну.

Тапсырма: Студенттерге университет кітапханасының жұмыс уақытын ұзарту туралы ұсыныс беріледі. Топтар «артықшылық», «кемшілік», «экономикалық әсер» сияқты бөлімдер бойынша талдайды. Олар деректер тауып, ұсынымдарын қорғау үшін аргументтер әзірлейді.

Процесс: Дайындық кезінде мұғалім пікір білдіру үшін қолданылатын грамматикалық құрылымдарды (мысалы, I believe that ..., It is essential to ...) еске салады. Негізгі кезеңде топтар пікірталас жүргізіп, шешімін ұсынады. Тілге назар кезеңінде пікірталас барысында жіберілген қателер талданады.

Нәтиже: Студенттер ақпаратты логикалық құрылымда ұсынууды үйренді; олардың сенімділігі мен қоғамдық сөйлеу қабілеті нығайды.

2.3. Қазақ контекстіндегі мысал: «Құндылықтарымыз»

Қазақстандағы тіл үйрету тәжірибесінде TBL элементтері сабақтарды қызықты әрі мағыналы

етуде. Мысалы, «Құндылықтарымыз» атты тапсырмада студенттер қазақ халқының ұлттық құндылықтарын (қонақжайлық, ынтымақ, еңбек сүйгіштік) талқылайды. Олар шағын топтарға бөлініп, әр құндылықты заманауи мысалдармен сипаттайды, презентация әзірлейді. Бұл тапсырма BIRTUTAS TARBIYE бағдарламасына сай құндылықтарды оқытуға мүмкіндік береді, әрі ағылшын немесе түрік тілінде пікір алмасуға жағдай жасайды. Нәтижесінде, студенттер өз мәдениетін шет тілінде түсіндіруді үйренеді және аудитория алдында сөйлеу дағдыларын дамытады.

3. Өз ойым және бейімдеу ұсыныстары

TBL әдісінің негізгі артықшылығын оқушылардың белсенді қатысуы мен жауапкершілігі деп санаймын. Олар дайын тілдік үлгілерді жай қайталаудан гөрі, тапсырма арқылы тілдік ресурстарын пайдалануға үйренеді. Студенттер «тыңдаушы» немесе «жазушы» рөлімен шектелмей, проблеманы шешуші, жоспар жасаушы, келіссөз жүргізуші болады. Бұл әдістің тағы бір маңызды қыры – құндылықтарға негізделген білім: тапсырмаларда қоғамға пайдалы тақырыптар, экологиялық мәселелер, мәдени мұралар қамтылып, тіл үйрену өмірлік маңызды мәселелермен байланысады.

Дегенмен, өз тәжірибем TBL сабақтары тиісті дайындықты талап ететінін көрсетеді. Мұғалім тапсырмаларды жоспарлау, материал табу, бағалау критерийлерін дайындауға қосымша уақыт жұмсайды. Қазақстандағы кейбір оқушылар «дәстүрлі» сабаққа үйренгендіктен, тапсырма барысында өз ойын ашық айтуға немесе қателесуге қымсынуы мүмкін. Осы қиындықтарды жеңу үшін:

- Мұғалімдерді оқыту: TBL әдістемесі бойынша кәсіби даму курстары өткізу керек. Онда тапсырма түрлері, бағалау стратегиялары, рефлексия тәсілдері үйретілуі тиіс.

- Материал базасын жасау: Қазақ және ағылшын тілдерінде түрлі деңгейлерге арналған тапсырмалардың банкі құру керек. Мұнда «Елеусіз әңгімелер» сияқты шағын фильмдер, қазақ әдебиеті шығармалары, ұлттық мерекелер туралы материалдар қамтылуы мүмкін.

- Технологияны пайдалану: Интерактивті такта, Padlet, Jamboard, Kuripod сияқты құралдарды қолдану арқылы тапсырмаларды қызықты ету керек. Мысалы, FlipGrid немесе Synthesia платформалары арқылы студенттер өз бейнежазбаларын түсіріп, пікір алмасады. Бұл оқушылардың әлеуметтік-эмоционалдық дамуын қолдайды.

Task-Based Learning – дәстүрлі тіл үйрету әдістеріне балама емес, оларды толықтырушы заманауи тәсіл. Бұл әдіс тілдің басты мақсаты – қарым-қатынас екенін алға қойып, оқушыларды мағыналы әрекетке жұмылдырады. Заманауи зерттеулер TBL-дің сөйлеу, жазу, тыңдау және лексикалық дағдыларды дамытуда тиімді екенін көрсетеді. Сонымен бірге, әдісті сәтті жүзеге асыру мұғалімнің кәсіби дайындығына, институционалдық қолдауға және мәдени контекстке байланысты. Қазақстанда TBL әдісін енгізу үшін мұғалімдерге арналған оқыту бағдарламаларын әзірлеу, ұлттық мазмұны бар тапсырмалар базасын жасау және бағалау жүйесін бейімдеу қажет. Оқушылардың белсенділігі мен шығармашылығын ынталандыратын бұл әдіс болашақта тіл үйретудің негізгі бағыттарының біріне айналатыны сөзсіз.

Бейбіт ТАЛҒАТҚЫЗЫ,
Ая-23-11 оқу тобының студенті

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА КҮН ЭНЕРГИЯСЫН ҚОЛДАНУ НЕГІЗІНДЕ АВТОМАТТЫ ЭЛЕКТР ЖАБДЫҚТАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН КӨРСЕТУ

Ауыл шаруашылығы – адамзат өркениетінің дамуын қамтамасыз ететін ең маңызды салалардың бірі. Қазіргі уақытта әлемдік қоғамдастық алдында тұрған басты мәселелердің бірі – азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ауылдық аймақтардың әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын сақтау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану. Бұл міндеттерді шешу үшін ауыл шаруашылығы өндірісін заман талабына сай цифрландыру, автоматтандыру және экологиялық тұрғыдан онтайландыру қажеттілігі туындап отыр. Соңғы жылдары энергетиканың үнемді әрі тиімді тәсілдері ретінде жаңартылатын энергия көздерін, соның ішінде күн энергиясын қолдану кеңінен тарала бастады. Күн энергиясын ауыл шаруашылығында қолдану – өндіріс процесінің энергияға тәуелділігін төмендетіп қана қоймай, климаттық өзгерістерге бейімделу, шығындарды қысқарту және ресурстарды үнемдеу сияқты көптеген артықшылықтар береді. Ауыл шаруашылығы консультациясында ағымдағы проблемаларды, сондай-ақ ауылдық жерлердің алдында тұрған экономикалық және әлеуметтік сын-тегеуріндерді ескеру қажет. Мұндай проблема тұрақты экономика және энергетикалық саясат, оның ішінде жаңартылатын көздерден энергияға қол жеткізу және үй шаруашылықтары мен ауыл шаруашылығындағы электр энергиясына сұранысты қанағаттандырудың қаржылық мүмкіндіктері болып табылатыны сөзсіз. Сондықтан энергетикалық кедейлікті азайту және ауа сапасын жақсарту саласындағы консультативтік және ақпараттық қызмет өте маңызды.

Ауылдық аймақтарда дәстүрлі электр желілерінің дамуы мен қолжетімділігі бірқатар қиындықтарға байланысты баяу жүруі мүмкін. Географиялық ерекшеліктер, қашықтық, инфрақұрылымдық шығындардың жоғары болуы электр энергиясын өндіру мен жеткізуге қатысты мәселелерді күрделендіреді. Осындай жағдайларда автономды, сенімді әрі экологиялық таза энергия көздеріне деген сұраныс артып келеді. Күн энергиясына негізделген автоматты электр жабдықтары – ауыл шаруашылығы өндірісінің бірқатар салаларында тиімді шешім бола алады. Мұндай жабдықтарға автоматты суару жүйелері, жылыжай микроклиматын басқару құрылғылары, мал шаруашылығындағы бақылау-өлшеу құралдары, жем-шөп беру жүйелері, автономды сорғылар, желдету және жарықтандыру жүйелері, сондай-ақ шағын қуатты энергия станциялары жатады. Күн энергиясын ауыл шаруашылығында қолданудың тағы бір маңызды аспектісі – энергия үнемдеу және қоршаған ортаға теріс әсерді азайту. Дәстүрлі энергия көздері көбінесе көмірсутекті отындарды жағуды талап етеді, бұл атмосфераға зиянды заттардың бөлінуіне, парниктік газдардың көбеюіне, жылыну үрдісінің үдеуіне әкеледі. Ал күн энергиясы – жаңартылатын, сарқылмайтын және экологиялық таза ресурс. Оның көмегімен ауыл шаруашылығы кәсіпорындары энергия шығындарын азайтып, көміртек ізін қысқартып, «жасыл экономика» талаптарына сәйкес өндіріс жүргізе алады. Ауыл шаруашылығы өндірісінде

автоматтандырудың рөлі ерекше. Адам еңбегін жеңілдету, өнімділікті арттыру, уақыт пен ресурстарды үнемдеу, тәуекелдерді азайту – автоматтандырудың негізгі артықшылықтары. Күн энергиясына негізделген автоматты жүйелер өндірістік процестерді үздіксіз бақылауға және басқаруға мүмкіндік береді. Мысалы, күн панельдерімен жабдықталған суару жүйелері топырақ ылғалдылығын датчиктер арқылы өлшеп, қажетті жағдайда суды автоматты түрде беріп отырады. Бұл су ресурстарын үнемдеуге, өсімдіктердің өнімділігін арттыруға және адам еңбегін жеңілдетуге ықпал етеді. Ал жылыжайдағы



микроклиматты реттеу жүйелері температураны, ылғалдылықты, СО₂ деңгейін автоматты түрде бақылап, қолайлы жағдай жасайды. Мұның барлығы ауыл шаруашылығын цифрландырудың маңызды қадамдарының бірі болып табылады. Сондай-ақ, күн энергиясына негізделген автоматты жабдықтардың экономикалық тиімділігі де ерекше назар аударады. Бастапқы орнату шығындары кейде жоғары болуы мүмкін, дегенмен ұзақ мерзімді перспективада мұндай жүйелер өзін толық ақтайды. Олардың жұмыс істеуі үшін отын шығыны қажет емес, техникалық қызмет көрсету шығындары да өте төмен. Сонымен қатар, мұндай жабдықтардың қызмет ету мерзімі ұзақ, сенімділігі жоғары, ал энергия өндіру процесі тұрақты әрі қауіпсіз.

Автоматты суару жүйелері күн энергиясының көмегімен жұмыс істейтін ең тиімді салалардың бірі болып табылады. Дәстүрлі суару әдістері көп энергия мен суды қажет етеді, ал кейбір аймақтарда энергия тапшылығының салдарынан тиімді суару мүмкін емес. Күн панельдері арқылы қуат алатын суару жүйелері топырақ ылғалдылығын арнайы датчиктердің көмегімен өлшеп, тек қажетті жағдайда су береді. Бұл әдіс суды 30–40 пайызға дейін үнемдеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, автоматтандырылған суару өсімдіктердің физиологиялық қажеттіліктерін

ескере отырып жүргізілетіндіктен, өнімнің сапасы мен мөлшері айтарлықтай артады. Мұндай жүйелердің артықшылығы – оларды инфрақұрылымы жоқ алыс егіс алқаптарына орнатуға болады. Энергия көзінен тәуелсіз болуы фермерлердің жұмысын жеңілдетеді және өндірістің үздіксіздігін қамтамасыз етеді. Жылыжай шаруашылығында күн энергиясына негізделген автоматты микроклиматты бақылау жүйелері де кеңінен таралып келеді. Жылыжайда белгілі бір температура, ылғалдылық, жарық деңгейі, СО₂ концентрациясы сақталуы қажет. Автоматты жүйелер датчиктер арқылы көрсеткіштерді бақылай отырып, желдеткіштерді, жылытқыштарды немесе ылғалдандырғыштарды іске қосады. Мысалы, күндізгі уақытта энергияны жинап, аккумуляторға сақтап, түнгі уақытта жылыту жүйелеріне іске қосуға болады. Мұндай жүйелер өсімдіктердің вегетациялық кезеңде қолайлы ортада дамуына ықпал етеді, өнім түсімін 20–50 пайызға дейін ұлғайтады. Сонымен қатар, фермерлердің энергияға кететін шығындары айтарлықтай қысқарады. Жалпы Қазақстан Республикасы бойынша ЖІӨ өндіру кезінде отын-энергетикалық ресурстарды тұтынудың экономикалық тиімділігін айқындау үшін ЖІӨ-нің энергия сыйымдылығының көрсеткіші есептеледі. ЖІӨ-нің энергия сыйымдылығының көрсеткіші мұнай эквиваленті тоннасындағы барлық өндірістік және өндірістік емес қажеттіліктерге отын-энергетикалық ресурстардың жалпы тұтыну көлемінің ЖІӨ шамасына қатынасы ретінде айқындалады. Экологиялық аспект тұрғысынан алғанда күн энергиясын пайдалану ауыл шаруашылығы саласындағы парниктік газдар шығарындыларын азайтуға, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға және тұрақты агро экожүйе қалыптастыруға жағдай жасайды. Бұл қазіргі климаттық өзгерістер кезеңінде ерекше маңызды фактор болып саналады және ұзақ мерзімді қоршаған орта қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған тиімді шешімдердің бірі ретінде бағаланды. Жалпы алғанда, күн энергиясына негізделген автоматты электр жабдықтарын ауыл шаруашылығында кеңінен қолдану саланың инновациялық дамуының негізгі бағыты бола алады. Мұндай технологиялар ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін, тұрақтылығын және экологиялық қауіпсіздігін арттыра отырып, еліміздің аграрлық секторында жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

Автоматтандыру еңбекке деген көзқарасты өзгертеді. Ауыр қол еңбегінің азаюы ауылдағы жұмыс тиімділігін арттырып, жастарды аграрлық салаға тартуға мүмкіндік береді. Ақылды жүйелердің көмегімен фермер нақты деректерге сүйене отырып шешім қабылдайды, бұл өнімнің сапасы мен көлемін тұрақты түрде арттыруға жағдай жасайды. Тағы бір маңызды жайт – табиғатпен үйлесімділік. Күн энергиясын пайдалану қоршаған ортаға зиян келтірмей, ауыл шаруашылығының экологиялық жауапкершілігін күшейтеді. Бұл болашақ ұрпақ үшін жердің құнарлылығын сақтауға және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға жол ашады.

Ерқұтты БАЙБОСЫН,
ЭЭ-24-1м оқу тобының
2-ші курс магистранты

УАҚЫТ КӨШІНДЕГІ ЖАҢА ТЫНЫС

Бүгінгі заман – кешегі қиялдың шындыққа айналған ғасыры. Бір кезде ертегіге ғана тән көрінген дүниелер бүгінде күнделікті тіршілігіміздің бөлінбес бөлшегіне айналды. Қолымыздан түспейтін смартфондар, өздігінен әрекет ететін смарт-үйлер, ойды оқығандай қимылдайтын жасанды интеллект жүйелері қоғам келбетіне жаңа бояу жағып, адамзат өмірін түбегейлі өзгертіп жатыр. Осы өзгерістердің салқыны ең алдымен еңбек нарығынан сезіледі: бір кездері сұраныста болған талай мамандық автоматтандырудың толқынында көмескіленіп барады. Бірақ табиғаттағы заңдылық секілді, бір дүние бітсе – бір дүние басталады. Жаңа кәсіптер дүниеге келуде. Ендеше, болашақ айдынында адам мен робот қандай қарым-қатынаста өмір сүрмек? Адамды қай сала қажет етеді?

болады деп күтілуде. Демек, мәселе жұмыс орындарының азаюында емес, олардың формасының өзгеруінде.

Қазақстан да бұл жаңғыру көшінен қалыс қалған жоқ. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы арқылы мемлекеттік қызметтер электрондық форматқа көшіп, ауыл мектептеріне дейін робототехника кабинеттері орнатылды. Министрлік деректеріне сүйенсек, алдағы бес жылда 300-ден аса мамандық жоғалып, орнын 500-ге жуық жаңа кәсіп баспак. Бүгінде есепші, кассир, архив қызметкері сияқты кәсіптер автоматтандыруға беріліп барады. Есесіне киберқауіпсіздік маманы, деректер аналитигі, IT-инженер, контент-маркетолог сынды жаңа арнайы салаларға сұраныс артып келеді. STEM бағытына бетбұрыс жасалып, университеттер мен IT-хабтардың байланысы

өмірімізге дендеп енуінен көптің көкейінде біршама мамандық жойылады деген үрей жиі айтылады. Дегенмен, сарапшылардың пікірінше, мамандықтар жойылмайды, тек олардың бағыты өзгереді. Мысалы, дәрігер мен мұғалім сияқты мамандықтар ешқашан мәнін жоғалтпайды, бірақ олардың қызмет ету форматы өзгереді. Мұғалім енді тек білім беруші емес, оқушының жеке қабілетін ашуға бағытталған ментор, коуч, цифрлық кеңесші рөлін атқармақ. Дәрігерлер де жасанды интеллект көмегімен диагноз қоятын, деректерді талдайтын, емді жекелей ұсынатын маманға айналады.

2030 жылдарға қарай әлемде ең қажет мамандықтар – деректер аналитигі, жасанды интеллект инженері, робот техникі, киберқауіпсіздік маманы және виртуалды әлем дизайнері болмақ. Мысалы, AI-инженер машиналарға үйрету алгоритмдерін жетілдірсе, деректер аналитигі – үлкен көлемдегі ақпаратты өңдеп, шешім қабылдау процесін жылдамдатады. Ал киберқауіпсіздік сарапшылары қоғамды цифрлық шабуылдардан қорғайды. Алдағы уақытта қоршаған ортаны қорғау мәселесі де қазіргідей өзекті бола береді. Сондықтан болашақта экотехнолог, қалдықсыз өндіріс инженері, биоархитектор, генетикалық кеңесші сынды мамандықтар үлкен сұранысқа ие болады. Мысалы, биоархитекторлар табиғи материалдар негізінде экологиялық үйлесімді ғимараттар салса, генетикалық кеңесшілер адам денсаулығы мен тұқым қуалаушылыққа байланысты жеке кеңес береді. Ғылым мен технология дамыған сайын адамның шығармашылық әлемі де жаңаша тыныс алып келеді. Виртуалды кеңістік кеңейіп, әлеуметтік желілер жаңа өркениеттің сахнасына айналды. Осы бір шексіз әлемде кәсібилік пен шеберлік тоғысып, контент-продюсер, AR/VR дизайнер, метаәлем сәулетшісі, цифрлық маркетолог, инфлюенсер-менеджер секілді тың мамандықтар дүниеге келді. Бүгінде талай жас YouTube пен Instagram-ды, TikTok пен басқа да платформа-ларды өз әлеміндей игеріп, медиа өнім жасап, шығармашылығының қуатымен табыс табады. Бұл бағыт алдағы уақытта да тоқтамай, жаңа арналар ашары анық. Қай технология биіктеп, қандай құрылғы туындаса да, ең құнды қасиет – адам болмысы. Эмоциялық интеллект, сыни ойлау, топпен тіл табысу, креативтілік пен жауапкершілік – кез келген мамандықтың тамырына нәр беретін қасиеттер.

Рас, робот есеп жүргізе алады, бірақ жүректің дірілін сезіне алмайды; ол ақпаратты өңдейді, бірақ адамның жанын қозғар сөз айта алмайды. Сол себепті коммуникация, тәрбиелеу, шабыттандыру сияқты адамға тән нәзік міндеттерді ешбір машина атқара алмайды. Роботтар мен автоматтандыру адамзаттың жолын бөгемейді, қайта оны биікке жетелейтін баспалдақ секілді. Еңбек нарығындағы өзгерістер қорқыныш емес, бейімделуді, жаңашылдықты талап етеді. Бүгінгі жас технологияны тек тұтынушы емес, оның ойлап табушысы, қалыптастырушысы, жаңартушысы болуы тиіс. Өйткені болашаққа жол салатын да, оның бағытын айқындайтын да – білім мен үнемі ізденуге ұмтылған талпыныс.

Жасөспірім әр қадамын таңдағанда бүгінгі мүмкіндікті ғана емес, ертенгі сұранысты да көре білгені жөн. Себебі болашақтың есігін ашатын жалғыз кілт – білім, ал білімді жетілдіретін күш – үздіксіз даму.

Дамира АМАНЖОЛОВА



XXI ғасыр – төртінші өнеркәсіптік революция дәуірі. Роботтар, жасанды интеллект, Big Data – бәрі өндіріс пен тұрмыстың әр қырынан орын алған. Экономист Карл Фрей мен Майкл Осборнның дерегіне, 2033 жылға қарай АҚШ-тағы жұмыс орындарының жартысына жуығы автоматтандыру құрсауына ілігеді. Дүниежүзілік банктің есебіне жүгінсек, Қытайда бұл көрсеткіш 77 пайызға жетуі мүмкін. Ал Халықаралық еңбек ұйымы Қазақстанды да қоса есептегенде бірқатар елдердің жұмыс күшінің жартысынан астамы роботтандырудың ықпалында қалуы ықтимал екенін болжайды. Ең маңыздысы, мамандық иелерінің орнын роботтар басатын болса, адамдарға білім алудың қажеті не? Жапондық отбасында дүниеге келген американдық профессор, «Нью-Йорктың ең ақылды адамы» атанған Митио Каку «The New York Times» газетіне берген сұхбатында «Ең бастысы – оқу-білім алдағы уақытта есте сақтауға негізделмейді. Жақын арада компьютерлер мен Google Glass көзілдіріктері (Android жүйесіндегі смартфондарға арналған Google компаниясының өнертабысы) барлық қажетті мәліметтерді жүктеуге мүмкіндік беретін шағын линза түрінде шығарыла бастайды» деген болатын. Қазіргі уақыттың өзінде бұл көзілдіріктер көптеген мемлекеттерде сатылымға қойылған, Қазақстанда Google Glass-тың бағасы 200 мың теңгені құрайды. Демек, адамдар компьютер секілді ойланса, олардың білім деңгейі де бір көзілдірікпен өлшенбек. Халықаралық сарапшылардың есебі бойынша, алдағы он жылда әлемде 800 миллионға жуық жұмыс орны автоматтандырылуы мүмкін. Бірақ сонымен қатар шамамен 400 миллион жаңа мамандық түрі пайда

күшейді. Ел жастары технология тұтынушысы емес, жасаушысына айналууда. Бүгінде еліміздің бірқатар университеттерінде «Жасанды интеллект», «Big Data», «Киберқауіпсіздік», «Робототехника және мехатроника» мамандықтары оқытылады. Бұл бағыттар – болашақтағы ел экономикасының өзегі. Осы ретте роботтар біздің өмірге қашаннан бастап енді.

1495 жылы Леонардо да Винчи «Механикалық рыцарь» атты алғашқы робот сызбасын жасап, құрастырды. Тарихи деректерде, бұл рыцарь қозғалыс жасауға, отырып-тұруға, қолы мен басын қозғалтуға қабілетті болды. Олай болса, робот концепциясының пайда болғанына биыл тура 530 жыл толып отыр.

Автоматтандырылған қоғамда абыройлы да табысты маман болудың басты шарты – роботқа қолжетімсіз қабілеттерді дамыту. Профессор Митио Какудың айтуынша, болашақта адам үшін ең құнды қасиеттер – шығармашылық ойлау, эмоциялық интеллект және интеллектуалды икем. Өйткені жасанды интеллект қаншама дамыса да, адам санасының орнын баса алмайды. Робот психологтың орнына жүре алмайды, музыканттың шабытын қайталай алмайды, суретшінің қиялын жасай алмайды. Бұл туралы «Мен, робот» фильмінде де астарлы ой айтылады: бас кейіпкердің «Робот симфония жаза ала ма?» деген сауалына жауап – әлі де жоқ. Осындай тұста Бауыржан Момышұлының сөзі ерекше мәнге ие. Ол: «Техника қанша жетілгенімен, бәрібір – құрал. Ал адам жаны – ұрыста ең қатерлі, көзге көрінбейтін қару» деп бағалаған. Бұл пікір адамның қайталанас табиғаты мен рухани мүмкіндігінің технологиядан биік екенін айғақтайды. Роботтардың

СТУДЕНТТІК КЕЗЕҢ - КӘСІП БАСТАУҒА КЕДЕРГІ ЕМЕС

Студенттік шақ – тек білім алу мен оқу ғана емес, бастамашылдық, тәжірибе мен өсу кезеңі. Жастар үшін бұл уақыт – болашақ кәсібінің негізін қалайтын, алғашқы қадамдарын жасайтын ең ыңғайлы сәт. Біз бүгін оқу мен жеке кәсіпті қатар алып, «Студенттік кезең кәсіп бастауға кедергі емес» деген қағиданы дәлелдеп жүрген Б-22-1 оқу тобының студенті, бүгінде наубайхана ісін дөңгелетіп отырған жас кәсіпкер Махаббат Кенжебековамен сұхбаттасқан болатынбыз.

- Наубайхана ісін бастау идеясы қалай келді?

- Отбасымыздың жеке кәсібін әрі қарай жандандыруды қаладым. Бұл тек кәсіп емес, біздің әулетіміздің шағын тарихы сияқты еді. Уақыт өте наубайхана тоқтап қалғанымен, оның иісі, атмосферасы, адамдарға қуаныш сыйлаған сәттері жадымда сақталған. Соңғы жылдары түрлі жаңа рецептер мен заманауи пісіру тәсілдерін көрген сайын, «Неге жасап көрмеске? Неге отбасылық кәсіпке қайта жан бітірмеске?» деген ой маза бермеді.

Сөйтіп, дәстүр мен жаңашылдықты біріктіріп, бұрынғы наубайхананы жаңа тыныспен қайта жандандыру, мен үшін әрі арман, әрі мақсатыма айналды. Бұл қадам отбасылық істі жалғастырып қана қоймай, адамдарға үйдің жылуын сезіндіретін орын құруға деген ниеттен тұды.

- Студенттік өмір мен бизнесті қатар алып жүру қиыншылықты қиын?

Уақытты жоспарлауда қандай әдістер қолданасыз?

- Студенттік өмір мен бизнес мен үшін жай ғана хобби болған жоқ. Керісінше, өзімді сынап, жаңа бір бастамамен айналысып көрудің алғашқы қадамдары деп есептеймін.



Уақытты жоспарлаудағы ең бірінші қағидасы – ерте тұру. Себебі, қай кәсіп болмасын, ерте тұрып, таң берекесімен бастау, күннің жемісті өтуіне көп көмегін береді. Сондай-ақ, ең маңызды нәрсе – тәртіп (дисциплина) екені анық. Әрине, ең маңыздысы – тәртіп (дисци-

плина). Кейде тапсырыс көп болғандықтан, ұйымды қысқартуға тура келетін. Осындай кездері мен 8-8-8 әдісін пайдаландым: 8 сағат – жұмыс, 8 сағат – сабақ, ал қалған 8 сағат – сапалы ұйқы.

- Өзіңіз дайындайтын өнімдердің рецепті қалай қалыптасты? Бұл – отбасылық дәстүр ме, әлде эксперимент арқылы жасадыңыз ба?

- Меніңдайындайтын өнімдерімнің рецептісі, ең алдымен, отбасылық дәстүрден бастау алады. Анамның ерекше қамыр рецептісі менің негізім болды. Дегенмен, қазіргі нарықтың талабына сай, мен осы негізгі рецептті сақтай отырып, өзімнің кішкене эксперименттерімді де қосып, оны жетілдірдім. Сондықтан, бұл – дәстүр мен заманауи тәжірибенің үйлесімі деп айтар едім.

- Студент бола тұра табысты болудың кілті неде деп ойлайсыз?

- Менің ойымша, табысты болудың ең маңызды кілті – жақындарыңның қолдауы. Себебі, отбасым менің бастаған ісіме, барлық ой-әрекетіме сенім білдіріп, әрдайым жанымнан табылды.

Табысқа жетудің екінші маңызды формасы – бұл еңбек пен тұрақтылық. Егер сен шынымен де жақсы көретін ісін болса, қанша шаршасаң да, оны тоқтатпай жалғастырасың.

- Ракмет!

Сұхбаттасқан
Анел ҚАНЫБЕК

АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ – КӘСІБИ ДАМУДЫҢ МАҢЫЗЫ


2025 жылдың екінші жартыжылдығында академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша Польша Республикасының Лодзь қаласына білім алу үшін сапар шектім. Осы оқу кезеңіндегі басты мақсатым – Лодзь университетінде мамандығым бойынша біліктілігімді арттыру, еуропалық білім беру жүйесін тереңінен зерделеу, мәдениетаралық қабілеттерімді жетілдіру және Польша мен басқа да еуропа елдерінің мәдениетімен танысу болды. Бұл тәжірибе мен үшін өмірімдегі ең қызықты, әсерлі және білім көкжиегімді кеңейткен кезеңдердің бірі болып есте қалды.

Лодзь қаласы тарихи сәулеті мен заманауи келбеті үйлескен ерекше шаһар.

Көктемнің салқын күндері біртіндеп жылынып, маусым айына қарай жасыл желекке бөленген қала маған ерекше ыңғайлылық сыйлады. Мұндай орта оқу мен ғылыми ізденіске өте қолайлы жағдай жасады. Қазақстаннан Польшаға дейінгі сапарым шамамен жеті сағатқа созылды. Тікелей рейс болмағандықтан, алдымен басқа еуропалық әуежайға қонуға тура келді. Ұзақ жолға қарамастан, жаңа елге деген қызығушылық пен алда күтіп тұрған тәжірибе барлық шаршауды ұмыттырды.

Лодзь университетіндегі оқу жүйесі мен үшін жаңа әлемдей болды. Әсіресе профессор-оқытушылардың жоғары біліктілігі, сабақ жүргізу тәсілі мен студенттермен еркін қарым-қатынасы ерекше әсер қалдырды. Олар әр білім алушының пікірін тыңдап, дәрістерін жаңашыл бағытта жүргізді. Тек теориямен шектелмей, зертханалық жұмыстармен, тәжірибелік

тапсырмалармен толықтырып отырды. Бұл мамандығымды терең түсінуге және практикалық дағдыларымды дамытуға зор ықпал етті. Университеттегі студенттер құрамы алуан түрлі. Өртүрлі елдер мен мәдениеттерден келген жастармен пікір алмасу, бірлескен жобалар орындау, зертханалық жұмыстарға қатысу – мен үшін бағалы тәжірибе болды. Халықаралық орта ой-өрісімді кеңейтіп, өзге



мәдениеттерге деген құрметімді арттырды.

Сонымен қатар Польшаға барғанымда Қазақстанның өзге университеттерінен келген студенттерді де кездестірдім. Әр студенттің өз мақсаты мен жоспары бар екені, білімге деген құлшынысы айқын көрінді. Бұл оқу кезеңі ағылшын тілін жетілдіруге айтарлықтай ықпал етті. Бізге өтілетін дәрістер, зертханалық тәжірибелер және шетелдік студенттермен күнделікті қарым-қатынас ағылшын

тілін тұрақты қолдануға мүмкіндік берді. Нәтижесінде сөйлеу дағдыларым мен ғылыми терминологияны пайдалану қабілетім едәуір жақсарды. Маусым айында сабақтар аяқталған кезде төрт айдың қалай тез өткенін байқамай қалдым. Польшадағы оқу кезеңі кәсіби білімімді арттырып қана қоймай, өзімді дамытуға, жаңа ортаға бейімделуге және жауапкершілікті терең сезінуге жол ашты.

Ең алдымен, үнемі демеу көрсеткен отбасым мен жақындарым алғысым шексіз. Сондай-ақ Лодзь университетінің профессор-оқытушыларына, халықаралық бөлім қызметкерлеріне, халықаралық достарыма ерекше алғыс айтамын. Достарымның Қазақстан туралы жылы пікірлері де мен үшін зор мақтаныш болды. Сөз соңында Қорқыт Ата университетінің басшылығына, «Электронет-гетика, техносфералық қауіпсіздік және экология» білім беру бағдарламасының жетекшісі Сыдыкова Гүлнар Құдайбергенқызына және мамандық бойынша пән оқытушыларына шынайы ризашылығымды білдіремін.

Университет пен Лодзь университеті арасындағы халықаралық ынтымақтастық меморандумы білімге құштар жастарға жаңа мүмкіндіктер ашып, өз жемісін беріп келеді. Лодзь қаласындағы бұл тәжірибе – өмірімдегі ең жарқын әрі ұмытылмас кезеңдердің бірі ретінде мәңгі есте қалады.

Берік АБДРАЗАҚ,
БЖ-24-1м тобының
2-ші курс магистранты

Құрылтайшы: Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда университеті
Газет Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық даму
министрінің Ақпарат комитеті тексеріліп,
№КЗ29VPY00077786 куәлігі берілген.

Бас редактор:
Қ.Ә.Омаров

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Д.М.АБДРАШЕВА -
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің
Басқарма Торағасы-Ректорының м.а.
М.Ә.БОРІБАЕВА -
Басқарма мүшесі-Ғылыми жұмыстар және халықаралық
байланыстар жөніндегі проректор
Қ.Ғ.БЕКЕНОВ -
«Медиа орталық» жетекшісі

Жауапты редактор:

Аманжолова

Техникалық редактор:

Асқар
Махамов

SYR TULEGI
student jastar gazetі

Жарияланған мақаладағы автордың
пікірі редакцияның көзқарасын
білдірмейді. Редакцияға түскен қолжазба
қайтарылмайды. «Сыр түлегіне»
жарияланған мақала көшіріліп басылса,
сілтеме жасалуға міндетті.